

**Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитеті "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемшарттарын белгілеу және көлік құралдарын арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемшарттарын айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 21 ақпандағы № 83/НҚ бұйрығы

"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысының 1-4-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитеті "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемшарттары белгіленсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемшарттары айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

№ 83/НҚ от 21.02.2024

Бұйрыққа 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының көлік құралдарының арнаулы қызметтердің тиістілік нормативі**

№	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын филиалдарының атауы	Мақсаты				
		үздіксіз далалық және маршруттық дешифрлеуді жүргізу жолымен топографиялық карталар мен жоспарларды жасау кезінде дешифрлеуді жүргізу үшін	I, II, III және IV класстарды нивелирлеуді жүргізу үшін	зерттеу жүргізу және геодезиялық пункттерді қалпына келтіру, үйлестіру үшін	геодезиялық пункттерді салу үшін	Аэротүсірілім жұмыстарын орындау кезінде тірек геодезиялық желілерді құру үшін
1	2	3	4	5	6	7
1	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Алматыгеодезия"	2 бірл.	7 бірл.	5 бірл.		-

	филиалы				-	
2	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Астанагеодезия" филиалы	2 бірл.	2 бірл.	5 бірл.	-	6 бір.
3	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Республикалық картографиялық фабрика" филиалы	2 бірл.	4 бірл.	4 бірл.	-	-
4	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Ұлттық кеңістіктік деректер қоры" филиалы	2 бірл.	-	2 бірл.	-	-
	Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы"					

5	шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Батысгеодезия" филиалы	2 бірл.	2 бірл.	3 бірл.	2 бірл.	3 бірл.
6	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Атыраугеодезия" филиалы	2 бірл.	2 бірл.	1 бірл.	1 бірл.	-
7	"Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Оңтүстікгеодезия" филиалы	2 бірл.	4 бірл.	2 бірл.	2 бірл.	-
8	Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Орталықгеодезия" филиалы	2 бірл.	4 бірл.	3 бірл.	1 бірл.	1 бірл.
	"Геодезия және					

9	кеңістіктік ақпарат ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының " Шығысгеодезия" филиалы	1 бірл.	2 бірл.	3 бірл.	-	-
10	"Геодезия және кеңістіктік ақпарат ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының " Шымкентгеодезия" филиалы	1 бірл.	2 бірл.	2 бірл.	-	-
11	"Геодезия және кеңістіктік ақпарат ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының " Солтүстікгеодезия" филиалы	2 бірл.	8 бірл.	7 бірл.	-	-

Ескерту:

бірл. - бірлік

№ 83/НҚ от 21.02.2024

Бұйрыққа 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитеті "Геодезия және кеңістіктік ақпарат ұлттық**

**орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының көлік құралдарын арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемшарттары**

1. Үздіксіз далалық және маршруттық дешифрлеуді жүргізу жолымен топографиялық карталар мен жоспарларды жасау кезінде дешифрлеуді жүргізуге арналған автокөлік – геодезиялық жабдықты тасымалдауға арналған стеллаждармен жабдықталған, тұтас металл фургоны бар немесе жабық кабинасы бар не жабық кабинасы бар және бүйірлері төмен (жиналмалы немесе жоқ) ашық жүк алаңы және толық жетекті шассидегі артқы жиналмалы борты бар арнайы көлік құралы.

2. I, II, III және IV сыныптарды нивелирлеуге арналған автокөлік – төрт доңғалақты шассиде мамандандырылған кунгы бар арнайы көлік құралы.

Автокөлік мамандандырылған кунгпен жылу оқшаулағыш жабыны және қосымша тозуға төзімді ішкі қаптамасы бар және жабдықталған:

Геодезиялық жұмыстарды жүргізуге арналған жабдыққа арналған стеллаждық жүйемен;

ұйықтайтын сөрелермен;

жиналмалы үстелмен;

ас үй үстелімен;

ас үй сақтау шкафымен;

су бак жуғышпен.

3. Тексеру жүргізуге және қалпына келтіруге, геодезиялық пункттерді үйлестіруге арналған автокөлік – тұтас металл фургоны бар немесе жабық кабинасы бар не жабық кабинасы бар және бүйірлері төмен (жиналмалы немесе жоқ) және артқы жиналмалы борты бар ашық жүк алаңы бар арнайы көлік құралы толық жетекті шассиде геодезиялық жабдықты тасымалдауға арналған стеллаждармен жабдықталған.

4. Геодезиялық пункттерді салуға арналған автокөлік – төрт доңғалақты жетекті шассиде мамандандырылған кунгы бар арнайы көлік құралы.

Автокөлік мамандандырылған кунгпен жылу оқшаулағыш жабыны және қосымша тозуға төзімді ішкі қаптамасы бар және жабдықталған:

Геодезиялық жұмыстарды жүргізуге арналған жабдыққа арналған стеллаждық жүйемен;

ұйықтайтын сөрелермен;

жиналмалы үстелмен;

ас үй үстелімен;

ас үй сақтау шкафымен;

су бак жуғышпен.

Аэротүсірілім жұмыстарын орындау кезінде тірек геодезиялық желілерді құруға арналған автокөлік – геодезиялық жабдықты тасымалдауға арналған сөрелермен

жабдықталған, толық металл фургоны бар немесе толық жетекті шассиде жабық  
кабинасы бар арнайы көлік құралы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ